## «Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы

## «Ортопедиялық стоматология» пәннің жұмыс оқу бағдарламасы

## «6В10103-Стоматология» білім беру бағдарламасы

| | | | |
|---|---|---|---|
| **1.** | **Пән туралы жалпы мағлұмат** | | |
| **1.1** | **Пән коды: OS 6301-7** | **1.6** | **Оқу жылы:** 2024-2025 |
| **1.2** | **Пәннің атауы:** Ортопедиялық стоматология | **1.7** | **Курс:** 6 |
| **1.3** | **Реквизитке дейінгі:** Клиникалық ортопедиялық стоматология-2 | **1.8** | **Семестр**: 12 |
| **1.4** | **Реквизиттен кейінгі:** ортопедиялық стоматология бойынша дәрігерлердің білімін жетілдіру циклдары | **1.9** | **Кредиттер саны** (ECTS): 7/210 |
| **1.5** | **Цикл:** КП | **1.10** | **Компонент:** ТК |

| | |
|---|---|
| **2.** | **Пәннің сипаттамасы** |

Ортопедиялық стоматологиядағы науқастарды тексерудің заманауи әдістері. Onlay inlay overlay pinlay винирлерін дайындаудың клиникалық-зертханалық кезеңдері. CAD-CAM жүйелерінің техникасын қолдана отырып, тіс қатары ақауларын ортопедиялық емдеу. Дентальды имплантаттарда протездеу ерекшеліктері. Пәнаралық стоматология. Гнатология..

| | | | |
|---|---|---|---|
| **3.** | **Жиынтық бағалау нысаны** | | |
| **3.1** | Тестілеу | **3.5** | Курстық |
| **3.2** | Жазбаша | **3.6** | Эссе |
| **3.3** | Ауызша ✓ | **3.7** | Жоба |
| **3.4** | ОҚКЕ/ ОҚТЕ немесе тәжірибелік дағдыларды қабылдау | **3.8** | Басқа (көрсету) |

| | |
|---|---|
| **4.** | **Пәннің мақсаты** |

Дәлелді медицина қағидаттарына және емдеу-диагностикалық технологиялардың қазіргі заманғы жетістіктеріне сәйкес тіс және тіс қатарындағы кемістігі бар пациенттерге білікті медициналық көмек көрсетуде ортопедиялық стоматология бойынша білім және практикалық дағдыларды қалыптастыру.

| | |
|---|---|
| **5.** | **Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН)** |
| **ОН1** | Зерттеудің негізгі және қосымша әдістерін, оның ішінде цифрлық әдістерді пайдалана отырып тіс жақ жүйесіндегі стоматологиялық ауруларының диагностикасын жүргізеді және ортопедиялық қабылдау барысында медициналық құжаттарды толтырады. |
| **ОН2** | Ортопедиялық пациентті емдеудің кешенді жоспарын жасау дағдыларын жас ерекшеліктерін ескере отырып көрсетеді. |
| **ОН3** | Ортопедиялық пациентті емдеу, оңалту және динамикалық бақылау дағдыларын жас ерекшеліктерін ескере отырып көрсете алады. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **ОН4** | Заманауи материалдарды пайдалана отырып, тіс қатарының жартылай ақаулары және толық адентия жағдайында протездердің барлық түрлерін дайындаудың клиникалық кезеңдерін жүргізу дағдыларын меңгерген. | | | | | |
| **ОН5** | Тіс қатарындағы ақаулар мен деформацияларды имплантанттарды қолдана отырып ортопедиялық емдеу дағдыларын меңгерген. | | | | | |
| **ОН6** | Өзінің білімін жетілдіру бойынша үздіксіз жұмыс істейді, әр түрлі дереккөздерді пайдаланып ғылыми әдебиеттерді оқиды. | | | | | |
| **5.1** | **Пәннің ОН** | **Пәнді оқыту нәтижелерімен байланысты білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері** | | | | |
| | **ОН1, ОН2, ОН3** | ОН1 ересектер мен балалардағы негізгі стоматологиялық аурулары бойынша негізгі және клиникалық білімді көрсетеді.. | | | | |
| | **ОН4, ОН5** | ОН 6 стоматологиялық қызметті диагностикалау, емдеу және ұйымдастыруда сандық технологияларды қолданады. | | | | |
| | **ОН2, ОН3** | ОН 4 барлық жас тобындағы пациенттерде негізгі стоматологиялық ауруларды емдейді және алдын алады | | | | |
| | **ОН6** | ОН 8 медициналық практика мен зерттеуде ғылыми принциптерді, әдістер мен білімді қолданады. Қабілетті үздіксіз өз білімін жетілдіру және дамыту. | | | | |
| **6.** | **Пән туралы толық ақпарат** | | | | | |
| **6.1** | Өтетін орны (ғимарат, аудитория):Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы, "Хирургиялық және ортопедиялық стоматологиясы "кафедрасы. Әл-Фараби алаңы, № 2 корпус, І-қабат.<br>Электр онды почта: : **a.shukparov@skma.kz** | | | | | |
| **6.2** | **Сағаттарының саны** | **Дәріс** | **Тәжір. Сабақ** | **Зерт.сабақ** | **БӨЖ** | **ОБӨЖ** |
| | | - | 70 | - | 98 | 42 |
| **7.** | **Оқытушылар туралы мәлімет:** | | | | | |
| **№** | **Аты-жөні** | **Лауазымы және дәрежесі** | **Электронды почтасы** | **Ғылыми қызығушылық-тары** | **Жетістіктері** | |
| **1.** | Шукпаров А.Б. | м.ғ.к доцент м.а | **a.shukparov@skma.kz** | | | |
| **2** | Казенов П.М | ассистент | **a.shukparov@skma.kz** | | | |
| **3** | Орманов Е.К. | ассистент,м.ғ.к | **a.shukparov@skma.kz** | | | |
| **4** | Оспанова С.Т. | ассистент | **a.shukparov@skma.kz** | | | |
| **8.** | **Тақырыптық жоспар** | | | | | |

| **Апта/ күн** | **Тақырып атауы** | **Пәннің қысқаша мазмұны** | **Пәннің ОН** | **Сағат саны** | **Оқыту түрлері/әдістері/оқыту технологиялары** | **Бағалау түрлері/әдістері** |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **Тәжірибелік сабақ.** Ортопедиялық стоматологиядағы менеджмент пен маркетинг. Дәрігерлік деонтология. Этика. | Дәрігер-стоматолог-ортопедтің жұмысын ұйымдастыру. Стоматолог-ортопедтің және медициналық қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері. Ортопедиялық стоматологиядағы дәлелдеуші медицина негіздері. Есеп-тіркеу құжаттарын толтыру. Коминикативті дағдылар. | ОН1 | 4 | Тақырыбтың негізгі мәселелерінталдау | ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау, |
| | **БОӨЖ/БӨЖ** Тіс протездерінің ағза жағдайына әсері. | | ОН1 | 2/5 | презентация | презентацияларды бағалау |
| 2 | **Тәжірибелік сабақ.** Ортопедиялық стоматологиядағы заманауи тексеру әдістері. | Клиникалық әдістер: сұрап тексеру, қарап тексеру, перкуссия, бетті, шықшыт буынын, жақ асты лимфа түйіндерін, құлақ маңы және тіл асты бездерді пальпациялау. Параклиникалық әдістер: дентальді және панорамды рентгенография, электроодонтодиагностика, гнатодинамометрия, протездер және пломбыларың электропотенциалдарынығ әр түрлілігін анықтау, Н.И.Агапов, И.М. Оксман және И.О.Рубинов бойынша шайнау тиімділігін анықтау, электромиография (ЭМГ), электромиомастикациография (ЭММГ). Капилляроскопия, реопародонтография, полярография. | ОН1 | 4 | Тақырыбтың негізгі сұрақтарын және тәжірибелік жұмыстарды орындалуын талдау | ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау |
| | **БОӨЖ/БӨЖ** Провизорлы сауыттар. Дайындау әдістері. | | ОН2 ОН3 | 3/4 | презентация | презентацияларды бағалау |
| 3 | **Тәжірибелік сабақ.** Патологиялық және қалыпты жағдайдағы тіс жақ жүйесінің морфофункционалды жағдайы. | Бет скелетінің және самай төменгі жақ буынының, шайнау, мимикалық еттер, шайнау қысымы, тіс және тіс қатары, функционалдық анатомиясы, тіс қатары тұрақтылығын қамтамасыз ететін факторлар, мінездеме. | ОН1 ОН2 | 4 | Тақырыбтың негізгі сұрақтарын және тәжірибелік жұмыстарды орындалуын талдау | ауызша сұрау, тәжірибелік жұмысты |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | ң орындалуын бағалау |
| | **БОӨЖ/БӨЖ** Металсыз протездеу жүйесі, салыстырмалы сипаттамасы. | | ОН2 | 2/5 | презентация | презентацияларды бағалау |
| 4 | **Тәжірибелік сабақ.** Тістердің қатты тіндерінің және тіс қатарларының ақауларын емдеуге арналған ортопедиялық заманауи әдістер. Заманауи алынбайтын құрылымдар. | Тіс қатты тіндері ақауларының, этиологиясы, патогенезі, клиникасы, диагностикасы, ортопедиялық емінің заманауи әдістері. Тіс қатарындағы ақаудың жіктемесі. Протез құрылымын және емдеу әдісін таңдау тактикасы. Тіс қатарындағы кетікті көпір тәрізді протезбен емдеудегі ортопедиялық емнің түрі,қателіктері және асқынулар, болжамы. | ОН1 ОН2 ОН3 | 4 | Тақырыбтың негізгі сұрақтарын және тәжірибелік жұмыстарды орындалуын талдау | ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау |
| | **БОӨЖ/БӨЖ** Термопласт негізінде дайындалған алмалы протездер, салыстырмалы сипаттамасы. | | ОН4 | 3/4 | презентация | презентацияларды бағалау |
| 5 | **Тәжірибелік сабақ.** Заманауи технологияларды пайдаланып алынбалы пластиналық протездермен тіс қатарларының ақауларын ортопедиялық емдеу. | Жартылай алмалы-салмалы пластиналы протез. Биологиялық және клиникалық көрсетілімі, протездің элементтерін сипаттау. Кламмерлерді бекіту түрлері,орналасуы. Бекіту әдістері. Антогонист тістердің болмауы кезіндегі клиникалық дайындау кезеңдері. Протезді орналастыру. | ОН1 ОН4 | 4 | Тақырыбтың негізгі сұрақтарын және тәжірибелік жұмыстарды орындалуын талдау | ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орын |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | далуын бағалау |
| | **БӨӨЖ/БӨЖ** Тірегі имплантат болатын протез құрылымының ерекшелігі. Механиканың талаптары бойынша имплантаттың тиімді құрылымын таңдау принциптері. | | ОН6 | 2/5 | презентация | презентацияларды бағалау |
| **6** | **Тәжірибелік сабақ.** Заманауи технологияларды пайдаланып доғалы протездермен тіс қатарларының кетіктерін ортопедиялық емдеу. | Құрылымдық элементтері, олардың орналасуы және тағайындалуы. Қос қабатты анатомиялық қалып алу. Мүсінді параллелометрияда диагностикалау. Доғалы протездің құрылымын жоспарлау. Бекітуші элементтің түрін таңдау. Доғалы протезді дайындаудың клиникалық-зертханалық кезеңдерінің көрсеткіштері. | ОН4 ОН5 | 4 | Тақырыбтың негізгі сұрақтарын және тәжірибелік жұмыстарды орындалуын талдау | ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау |
| | **БӨӨЖ/БӨЖ** Ауыз қуысының шырышты қабатына протездің әсер етуі. Гальванизмнің пайда болуына заманауи көзқарас. | | ОН1 ОН6 | 3/4 | презентация | презентацияларды бағалау |
| **7** | **Тәжірибелік сабақ.** Толық алынбалы протездерді дайындаудағы жоспарлау және құру алгоритмі. Жақтардың орталық ара қатынасын анықтау. | Толық алынбалы протез. Бекіту әдістері. Жеке дара қасықты шақтап көру, жоғарғы және төменгі жақтан функциональды-сорылушы қалып алу. Жақ сүйектерінің орталық арақатынасын анатомиялық-физиологиялық әдіспен анықтау. | ОН1 ОН5 | 4 | Тақырыбтың негізгі сұрақтарын және тәжірибелік жұмыстарды орындалуын талдау | ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау |
| | **БӨӨЖ/БӨЖ** Толық адентияда ортопедиялық емдеу протоколдары. | | ОН1 | 2/5 | устный опрос, тест | презентацияла |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | рды бағалау |
| 8 | **Тәжірибелік сабақ.** Импланттарды пайдаланып адентияны ортопедиялық емдеу. | Дентальды имплантанттар. Жіктелуі, көрсетілімдері мен қарсы көрсетілімдері. Ортопедиялық емді жоспарлау. Тіс жақ аппараттарының құрылымдық ерекшеліктері. | ОН6 | 4 | Тақырыбтың негізгі сұрақтарын және тәжірибелік жұмыстарды орындалуын талдау | ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау |
| | **БОӨЖ/БӨЖ** Имплантардды пайдаланып адентияны ортопедиялық емдеу | | ОН1 | 3/4 | презентация | презентацияларды бағалау |
| 9 | **Тәжірибелік сабақ.** Алынбайтын және алмалы ортопедиялық құрылымдармен ем жүргізгенде жіберілетін қателіктер мен асқынулар. **Аралық бақылау №1** | Әр түрлі ортопедиялық құрылымдармен ортопедиялық емдеу кезінде жіберілетін қателіктер мен асқынулар. | ОН3 ОН4 | 4 | Тақырыбтың негізгі сұрақтарын және тәжірибелік жұмыстарды орындалуын талдау | ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау |
| | **БОӨЖ/БӨЖ** Тістің қатты тіндерінің ақауларын ортопедиялық емдеу әдістері. | | ОН1 | 2/5 | презентация | презентацияларды бағалау |
| 10 | **Тәжірибелік сабақ.** Парадонт тіндерінің аурулары. Пародонт ауруларында ортопедиялық емді таңдау ерекшеліктері. | Жіктелуі. Пайда болу себебі, клиникасы. Шықшыт буынын негізгі және қосымша әдістер арқылы тексеру. Пародонтиттің (қанқұрттың) және пародонтоздың (қанжел) клиникалық-диагностикалық | ОН6 | 4 | Тақырыбтың негізгі сұрақтарын және тәжірибелік жұмыстарды | ауызша сұрау, тәжірибелік |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | талаптары. Пародонт ауруының ауырлық дәрежесін анықтау әдістері, пародонтограмманың анализдерін жазып алу, қарама-қарсы тістердің арасындағы пародонт мықтылығының тепе-теңдігін қалыптастыру. Пародонтитті кешенді емдеудегі ортопедиялық емнің маңыздылығы. | | | орындалуын талдау | жұмыстың орындалуын бағалау |
| | **БӨӨЖ/БӨЖ** Тіс қатары ақауларын көпірлі протездермен ортопедиялық емдеу әдістері, биомеханикасы. | | ОН3 | 3/4 | презентация | презентацияларды бағалау |
| **11** | **Тәжірибелік сабақ.** Тістердің патологиялық қажалуына әсер ететін факторлар және ортопедиялық емдеу әдістері. | Тістердің аса қажалуы, этиологиясы, патологиялық және клиникалық көрінісі. А.Л.Грозовский, В.Ю.Курляндксий, М.Г.Бушан жіктелулері даму кезеңдері, асқынулар. | ОН1 ОН2 | 4 | Тақырыбтың негізгі сұрақтарын және тәжірибелік жұмыстарды орындалуын талдау | ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау |
| | **БӨӨЖ/БӨЖ** Бюгельді протездер, клинико-лабораториялық кезеңдері. Диагностикалық мүсіндерді параллелометриялау. | | ОН4 | 2/5 | презентация | презентацияларды бағалау |
| **12** | **Тәжірибелік сабақ.** Тістем мен тіс қатарының деформациясы. Тіс қатарларының деформациясын емдеу әдістерін негіздеу. | Тіс қатары деформациясының жіктелуі. Попов-Годон феномені бойынша артикуляциялық тепе-теңдік теориясы. Салыстырмалы диагностикасы. Тіс жақ жүйесі деформациясының тіс қатары кетігімен бірігуі, тістің қатты тіндерінің шамадан тыс қажалуы, пародонт аурулары, шықшыт буынның аурулары, клиникасы, диагностикасы, емдеу тактикасы. Тіс | ОН1 ОН2 ОН6 | 4 | Тақырыбтың негізгі сұрақтарын және тәжірибелік жұмыстарды орындалуын талдау | ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қатарының деформациясын, окклюзиялық қатынасын қалптастыру мақсатында ортопедиялық әдістерді, аппараттар (ортодонтиялық), аппаратты - хирургиялық тәсілдер арқылы көмек көрсету. | | | | бағалау |
| | **БӨӨЖ/БӨЖ** Тістердің аса қажалуында ортопедиялық ем жүргізу, жіктемелер, клиникасы, диагностикасы, ортопедиялық емдеу әдістері. | | ОН1 ОН2 | 3/4 | презентация | презентацияларды бағалау |
| **13** | **Тәжірибелік сабақ**. Ересектердегі тіс жақ жүйесінің аномалиялары. Тіс жақ жүйесінің аномалияларын комплексті емдеу. | Ересектердегі тіс жақ жүйесінің аномалиялары жіктелуі.Канторович бойынша (этиопатогенетикалык), А.Я.Катц бойынша (функционалды),В.Ю.Курляндский, Д.А.Калвелис бойынша сагиталды,вертикалды,трансверзалды ауытқулар. Тіс жақ жүйесінің аномалияларын емдеу әдістерінің жіктелуі. Аномалиялар, этиологиясы, клиникасы, диагностикасы, диф.диагностикасы, зерттеу әдістері және ортопедиялық, ортодонтиялық, хирургиялық емдеу әдістері. | ОН1 ОН6 | 4 | Тақырыбтың негізгі сұрақтарын және тәжірибелік жұмыстарды орындалуын талдау | ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау |
| | **БӨӨЖ/БӨЖ** Пародонт аурулары, клиникасы, диагностикасы, ортопедиялық емдеу әдістері. | | ОН2 | 2/5 | презентация | презентацияларды бағалау |
| **14** | **Тәжірибелік сабақ**. Тістемнің, тіс қатарларының және тістердің деформациялары мен аномалияларының профилактикасы. | Тістердің, тіс қатарларының аномалиялары мен деформацияларының алдын алу. Ауруға алып келетін барлық факторларды жою. Тіс-жақ жүйесінің деформацияларын дер кезінде анықтау және емдеу. Педиатормен стоматологтың тығыз қарым-қатынаста болуы. Санитарлық –ағарту жұмыстарын жүргізу-шайнау аппаратының толыққанды дамуының кепілі. | ОН6 | 4 | Тақырыбтың негізгі сұрақтарын және тәжірибелік жұмыстарды орындалуын талдау | ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау |
| | **БӨӨЖ/БӨЖ** Ортопедиялық емдеу әдісін таңдау алгоритмін құру:<br>- тіс қатары ақауы;<br>- пародонт аурулары. | | ОН3 | 3/4 | презентация | презентацияларды бағалау |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 15 | **Тәжірибелік сабақ.** СТЖБ ның анатомо морфологиялық және физиологиялық функционалды ерекшеліктері. СТЖБ ауруларын ортопедиялық және комплексті емдеу. | СТЖБ, қанмен қамтамасыз етілуі, иннервациясы, құрылысы, қызметі СТЖБ аурулары, буын шығуы, артрит артроз,анкилоз, СТЖБ ауруларын кешенді емдеуде қолданылатын ортопедиялық емдеу әдістері. консервативті, хирургиялық, ортопедиялық, физиотерапия. | ОН3 | 4 | Тақырыбтың негізгі сұрақтарын және тәжірибелік жұмыстарды орындалуын талдау | ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау |
| | **БӨЖ/БӨЖ** Әртүрлі конструкциялармен ортопедиялық ем жүргізгенде болатын қателіктер мен әртүрлі асқынулар. | | ОН3 ОН4 ОН5 | 2/5 | презентация | презентацияларды бағалау |
| 16 | **Тәжірибелік сабақ.** Жақ сүйектерінің сынықтары және оларды ортопедиялық емдеу. | Жақ сүйектер сынықтарының жіктелуі, этиологиясы, симптомдары. Ортопедиялық емдеу әдістері. Жақ сүйектері сынғанда алғашқы мамандандырылған көмек көрсету. Лигатураларды орналастыру тәсілдері. | ОН4 ОН5 | 4 | Тақырыбтың негізгі сұрақтарын және тәжірибелік жұмыстарды орындалуын талдау | ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау |
| | **БӨЖ/БӨЖ** Пародонт ауруларын ортопедиялық емдеу әдістері. | | ОН7 | 3/4 | презентация | презентацияларды бағалау |
| 17 | **Тәжірибелік сабақ.** Бет-жақ аймағының ақаулары және оларды ортопедиялық емдеу. Бет-жақ аймағының ақауларын емдеудегі миогимнастика және механотерапия. **Аралық бақылау №2** | Жақ сүйегін резекциялаудан кейінгі протездеу. Экзопротездердің құрылымдары. Бет -жақ аймағының ақаулары бар науқастарды емдеген кезде қолданылатын миогимнастика және механотерапия: ауыздың дөңгелек бұлшықетінің, төменгі жақты қимылдататын | ОН9 | 6 | Тақырыбтың негізгі сұрақтарын және тәжірибелік жұмыстарды орындалуын талдау | ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бұлшықеттердің, төменгі жақты көтеретін бұлшықеттердің жаттығулары. | | | | орындалуын бағалау |
| | **БОӨЖ/БӨЖ**<br>Тіс қатары ақауларын имплантаттар қолдана отырып ортопедиялық емдеу. | | ОН6 | 3/5 | Жазбаша сұрау | Жазбаша сұрауды бағалау |
| | **Аралық сынақты өткізу және дайындалу** | | **24** | | | |

| | | |
|---|---|---|
| **9.** | **Оқыту әдістері және бақылау түрлері** | |
| **9.1** | **Тәжірибелік сабақ** | Тақырыбтың негізгі сұрақтарын және тәжірибелік жұмыстарды орындалуын талдау<br>Ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстың орындалуын бағалау |
| **9.2** | **БӨЖ/БОӨЖ** | Презентация , презентацияларды бағалау |
| **9.3** | **Аралық бақылау** | Тест |
| **10.** | **Бағалау критерийлері** | |

**10.1 Пәнінің оқыту нәтіжелерінің бағалау критерийлері**

| **№** | **Пәннің ОН** | **Қанағаттанарлықсыз** | **Қанағаттанарлық** | **Жақсы** | **Өте жақсы** |
|---|---|---|---|---|---|
| **ОН 1** | ТЖЖ стоматологиялық ауруларының диагностикасын зерттеудің негізгі және қосымша әдістерін, оның ішінде цифрлық әдістерді пайдалана отырып жүргізеді және ортопедиялық қабылдауда медициналық құжаттарды толтырады. | 1) Зерттеудің негізгі және қосымша әдістерінің хаттамаларымен таныс емес.<br>2) Рентгенограммалар мен КТ деректерін түсіндірмейді.<br>3) медициналық құжаттаманы толтырмайды. | 1) Сауалнама, тексеру жүргізу қиынға соғады, диагноз қою үшін қосымша зерттеу әдістерін қолданбайды.<br>2) Осы рентгенограммаларды және КТ-ны оқуда бағдарланбайды кеңестер қажет.<br>3) Медициналық құжаттарды толтыруда қиындықтарға тап болады. | 1) Оқытушының бақылауымен сауалнама, тексеру аспаптық және қосымша зерттеу әдістерін жүргізеді.<br>2) Қателері бар рентген және КТ деректерін түсіндіреді, бірақ өзін түзетеді.<br>3) Оқытушының көмегімен ортопедиялық қабылдауда медициналық құжаттарды толтырады. | 1) Зерттеудің аспаптық және қосымша әдістерін меңгерген өз бетінше сауалнама, қарап-тексеру жүргізеді.<br>2) Рентгенограммалар мен КТ деректерін түсіндіреді.<br>3) Ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, ортопедиялық қабылдауда медициналық құжаттарды толтырады. |
| **ОН 2** | Жас ерекшеліктерін ескере отырып, ортопедиялық пациентті емдеудің кешенді жоспарын жасау | 1) Ортопедиялық пациентті емдеу жоспарын жасамайды, жас ерекшеліктерін ескермейді. | 1) Аурудың барысы туралы нақты түсініктің болмауына байланысты емдеудің кешенді жоспарын жасау қиынға соғады. | 1) Ортопедиялық пациентті емдеудің кешенді жоспарын жасайды, жас ерекшеліктерін ескермейді. | 1) Жас ерекшеліктерін ескере отырып, ортопедиялық пациентті емдеудің кешенді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыларын көрсетеді. | 2) Жас ерекшеліктерін ескере отырып, ортопедиялық пациентті емдеуді жүргізбейді. | 2) Ортопедиялық пациентті жас ерекшеліктерін ескермей, бұрын жасалған жоспарсыз емдеуді жүргізеді. | 2) Бұрын жасалған жоспарға сәйкес жас ерекшеліктерін ескермей, ортопедиялық пациентті кешенді емдеуді жүргізеді. | жоспарын дербес жасайды.<br>2) Бұрын жасалған жоспарға сәйкес жас ерекшеліктерін ескере отырып, ортопедиялық пациентті кешенді емдеуді жүргізеді. |
| **ОН 3** | Жас ерекшеліктерін ескере отырып, ортопедиялық пациентті басқару, оңалту және динамикалық бақылау дағдыларын көрсетеді. | 1) Емдеу аяқталғаннан кейін пациентті қайта тексеруге шақырмайды. Динамикалық бақылау және оңалту міндеттерін түсінбейді.<br>2) Пациентті оқытушы еске салғаннан кейін ғана қабылдауға шақырады. | 1) Емдеу аяқталғаннан кейін пациентті қайта тексеруге шақыруды ұмытып кетеді. Динамикалық бақылау және оңалту міндеттерін түсінбейді.<br>2) Пациентті оқытушы еске салғаннан кейін ғана қабылдауға шақырады. | 1) Оқытушыны еске сала отырып, ортопедиялық пациенттерге динамикалық бақылау жүргізеді.<br>2) Оқытушының көмегімен ортопедиялық пациентті оңалту және динамикалық бақылау мерзімдерін қадағалайды. | 1) Жас ерекшеліктерін ескере отырып, ортопедиялық пациенттерге динамикалық бақылауды дербес жүргізеді.<br>2) Жас ерекшеліктерін ескере отырып, ортопедиялық пациенттің оңалту және динамикалық байқау мерзімдерін дербес айқындайды және түзетеді. |
| **ОН 4** | Тіс қатарының жартылай ақауларында және толық жоғалғанда заманауи материалдарды пайдалана отырып, протездердің барлық түрлерін дайындаудың клиникалық кезеңдерін жүргізу дағдыларын меңгерген. | 1) Протездердің барлық түрлерін дайындаудың клиникалық кезеңдерін жүргізу дағдыларын меңгермейді.<br>2) Заманауи бедерлі және модельдеу материалдарын пайдаланбайды. | 1) Протездердің барлық түрлерін дайындаудың клиникалық кезеңдерін жүргізу кезінде қиындықтарға тап болады.<br>2) Заманауи бедерлі және модельдеу материалдарын таңдау мен пайдалануға бағдарланбайды. | 1) Оқытушының көмегімен протездердің барлық түрлерін дайындаудың клиникалық кезеңдерін жүргізеді.<br>2) Заманауи бедерлі және модельдеу материалдарын пайдаланады. | 1) Протездердің барлық түрлерін дайындаудың клиникалық кезеңдерін сенімді жүргізеді.<br>2) Нұсқаулықтарды нақты сақтай отырып, заманауи бедерлі және модельдеуші материалдар мен қосалқы құралдарды пайдаланады. |
| **ОН 5** | Имплантарды қолдана отырып, тіс қатарындағы ақаулар мен | 1) Имплантаттарда бедерлерді алу және протездеуге арналған үлгілерді дайындау | 1) Имплантаттарда бедерлерді алу және протездеуге арналған үлгілерді дайындау | 1) Оқытушының көмегімен имплантаттарда протездеу үшін | 1) Имплантаттарда протездеу үшін бедерлерді алу және үлгілерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | деформацияларды ортопедиялық емдеу дағдыларын меңгерген. | хаттамалары туралы білмейді.<br>2) Имплантаттарға тәждер мен көпір протездерін дайындаудың клиникалық кезеңдерін жүргізбейді. | хаттамаларында бағдарланбайды.<br>2) Импланттарға тәждер мен көпір протездерін дайындаудың клиникалық кезеңдерін жүргізу қиынға соғады. | бедерлерді алу және үлгілерді дайындау хаттамаларын қолданады.<br>2) Оқытушының көмегімен имплантаттарға тәждер мен көпір протездерін дайындаудың клиникалық кезеңдерін жүргізеді. | дайындау хаттамаларын қолданады.<br>2) Имплантаттарға тәждер мен көпір протездерін дайындаудың клиникалық кезеңдерін жүргізеді |
| **ОН 6** | Әр түрлі көздерден ғылыми әдебиеттерді зерттейді, өзін-өзі тәрбиелеу бойынша үздіксіз жұмыс істейді. | 1) Оқу материалын үйретпейді.<br>2) Жаңа ақпаратты іздеуге қызығушылық танытпайды және пассивті емес. | 1) Тек оқу материалын оқиды.<br>2) Жаңа ақпаратты іздеуге қызығушылық танытпайды және пассивті емес. | 1) Оқытушының ұсынысымен ғылыми әдебиет пен оқу материалын зерделейді.<br>2) Оқытушының көмегімен жаңа ақпаратты зерттейді. | 1) Әр түрлі көздерден ғылыми әдебиеттерді өз бетінше оқиды.<br>2)Үнемі ақпарат іздеуде және емдеудің заманауи және жаңа әдістемелері мен протездерді дайындау техникасын зерделеуде. |

| **Әріптік жүйемен бағалау** | **Баллдардың сандық эквиваленті** | **Пайыздық мазмұны** | **Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау** |
|---|---|---|---|
| A | 4,0 | 95-100 | Өте жақсы |
| A - | 3,67 | 90-94 | |
| B + | 3,33 | 85-89 | Жақсы |
| B | 3,0 | 80-84 | |
| B - | 2,67 | 75-79 | |
| C + | 2,33 | 70-74 | |
| C | 2,0 | 65-69 | Қанағаттанарлық |
| C - | 1,67 | 60-64 | |
| D+ | 1,33 | 55-59 | |
| D- | 1,0 | 50-54 | |
| FX | 0,5 | 25-49 | Қанағаттанарлықсыз |
| F | 0 | 0-24 | |

**презентацияларды бағалаутар:**

| **Бақылау формасы** | **Баға** | **Бағалау критерийлері** |
|---|---|---|
| Ауызша сұрау | Өте жақсы<br>A (4,0;95-100%)<br>A-(3,67;90-94%) | Білім алушы жауап беру кезінде оқытылатын пәннің теорияларын, тұжырымдамаларын және бағыттарын басшылыққа алып, оларға сыни баға бере алса, сонымен қатар басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін пайдалана отырып қателіксіз жауап берсе қойылады |
| | Жақсы<br>**B+(3,33;85-89%)** | Жауап беру барысында білім алушы өрескел қателіктер жібермеген болса,бірақ жауап беру кезінде жіберген сәйкессіздікті немесе аса маңызды емес қателіктерді өз |

| | | |
|---|---|---|
| | **В-(2,67; 75-79%)**<br>**С+(2,33;70-74%)** | күшімен түзете алып, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алса қойылады |
| | Қанағаттанарлық<br>**С (2,0;65-69%)**<br>**С-(1,67;60-64%)**<br>**Д+(1,33;55-59%)**<br>Д(1,0; 50-54%) | Жауап беру кезінде білім алушы түбегейлі қателіктер жіберсе, тек мұғалім көрсеткен оқу әдебиетімен шектеліп, материалды жүйелеуді орасан қиыншылықпен орындаған болса қойылады |
| | Қанағаттанарлықсыз<br>**FX (0,5; 25-49%)**<br>F (0; 0-24%) | Жауап беру кезінде білім алушы өрескел қателер жіберсе, сабақтың тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс істемеген болса, гистология мен физиология бойынша ғылыми терминологияны дұрыс қолдана алмаған жағдайда қойылады. |

| **Бақылау түрі** | **Баға** | **Бағалау критерийлері** |
|---|---|---|
| Тесттік тапсырмаларды орындау | Өте жақсы<br>А (4,0;95-100%)<br>А-(3,67;90-94%) | 90-100 % тест тапсырмаларын дұрыс орындаса |
| | Жақсы<br>**В+(3,33;85-89%)**<br>**В-(2,67; 75-79%)**<br>**С+(2,33;70-74%)** | 75-89 % тест тапсырмаларын дұрыс орындаса |
| | Қанағаттанарлық<br>**С (2,0;65-69%)**<br>**С-(1,67;60-64%)**<br>**Д+(1,33;55-59%)**<br>Д(1,0; 50-54%) | 50-74% тест тапсырмаларын дұрыс орындаса |
| | Қанағаттанарлықсыз<br>**FX (0,5; 25-49%)**<br>F (0; 0-24%) | 50% -дан төмен тест тапсырмаларын дұрыс орындаса |

| **Бақылау формасы** | **Баға** | **Бағалау критерийлері** |
|---|---|---|
| Тақырыпты таныстыру | Өте жақсы<br>А (4,0;95-100%)<br>А-(3,67;90-94%) | Білім алушы кемінде 5 әдеби дереккөзді пайдалана отырып көлемі кемінде 20 қысқа және мазмұнды слайдтармен қамтылған, нақты жоспары бар таңдалған тақырып бойынша презентацияны өз күшімен нақты белгіленген мерзімде дайындап, сол презентацияны қорғау барысында тақырыпқа сай диаграммалар, кестелер мен суреттерді ұсына отырып, тақырыпты терең меңгергендігін көрсете білсе және барлық сұрақтарға нақты жауап берсе қойылады. |
| | Жақсы<br>**В+(3,33;85-89%)**<br>**В-(2,67; 75-79%)**<br>**С+(2,33;70-74%)** | Білім алушы кемінде 5 әдеби дереккөзді пайдалана отырып көлемі кемінде 20 қысқа және мазмұнды слайдтармен қамтылған, нақты жоспары бар таңдалған тақырып бойынша презентацияны өз күшімен нақты белгіленген мерзімде дайындап, сол презентацияны қорғау барысында тақырыпқа сай диаграммалар, кестелер мен суреттерді ұсына отырып, тақырыпты жақсы меңгергендігін көрсете білсе және сұрақтарға жауап беру кезінде болмашы қателіктер орын алған жағдайда қойылады |

| | | |
|---|---|---|
| | Қанағаттанарлық<br>**С (2,0;65-69%)**<br>**С-(1,67;60-64%)**<br>**Д+(1,33;55-59%)**<br>Д(1,0; 50-54%) | Білім алушы 5-тен кем әдеби дереккөзді пайдалана отырып көлемі кемінде 20 мазмұны мәнсіз слайдтармен қамтылған, нақты дайындалмаған жоспары бар таңдалған тақырып бойынша презентацияны өз күшімен нақты белгіленген мерзімде дайындап, сол презентацияны қорғау барысында ұсынған тақырыпқа сай диаграммалар, кестелер мен суреттері жеткіліксіз болса, тақырып бойынша сұрақтарға сенімсіз жауап беріп, өрескел қателіктерге жол қойған жағдайда қойылады. |
| | Қанағаттанарлықсыз<br>**FX (0,5; 25-49%)**<br>F (0; 0-24%) | 5 Білім алушы тақырып бойынша презентацияны белгіленген уақытта дайындамаған немесе оны белгіленген уақытта дайындағанмен дәл емес, көлемі 20-дан аз мәнсіз слайдтан , әдеби дереккөздерді көрсетілмеген, жоспары жоқ, ал сұрақтарға жауап беру кезінде өрескел қателіктер жіберген немесе сұрақтарға жауап бере алмаған және рефератты қорғай алмаған жағдайда қойылады.. |

| **Бақылау формасы** | **Баға** | **Бағалау критерийлері** |
|---|---|---|
| Практикалық жұмысты орындау | Өте жақсы<br>А (4,0;95-100%)<br>А-(3,67;90-94%) | жұмыс орны манипуляцияларды орындауға дайындық үшін барлық талаптарға сәйкес жабдықталған; практикалық әрекеттер манипуляцияларды орындау алгоритміне сәйкес ретімен орындалады; пациенттің және медициналық персоналдың қауіпсіздігіне қойылатын барлық талаптар сақталады; уақыт шегі сақталады; жұмыс орны санитарлық-эпидемиялық режимнің талаптарына сәйкес тазаланады; барлық әрекеттер негізделген. |
| | Жақсы<br>**В+(3,33;85-89%)**<br>**В-(2,67; 75-79%)**<br>**С+(2,33;70-74%)** | практикалық манипуляцияларды орындау үшін жұмыс орны толығымен дербес жабдықталмаған; практикалық іс-әрекеттер дәйекті, бірақ сенімсіз орындалады; емделушімен медициналық персоналдың қауіпсіздігіне қойылатын барлық талаптар сақталады; уақыт регламенті сақталмайды; жұмыс орны санитарлық-эпидемиялық режимнің талаптарына сәйкес жиналады; барлық іс-әрекеттер оқытушының нақтылау сұрақтарымен негізделеді; |
| | Қанағаттанарлық<br>**С (2,0;65-69%)**<br>**С-(1,67;60-64%)**<br>**Д+(1,33;55-59%)**<br>Д(1,0; 50-54%) | практикалық манипуляцияларды орындау үшін жұмыс орны толық жабдықталмаған; оларды орындау дәйектілігі бұзылған; іс-әрекеттер белгісіз, іс-әрекеттерді негіздеу үшін оқытушының жетекші және қосымша сұрақтары мен түсініктемелері қажет; пациент пен медициналық персоналдың қауіпсіздігіне қойылатын барлық талаптар сақталады; жұмыс орны санитариялық-эпидемиялық режим талаптарына сәйкес тазартылады |
| | Қанағаттанарлықсыз<br>**FX (0,5; 25-49%)**<br>F (0; 0-24%) | жұмыс орнын дайындауға тосқауылдар орын алған, практикалық манипуляцияларды өз бетінше орындай алмау; пациенттің және медициналық персоналдың қауіпсіздігін бұзатын әрекеттер жасалады, санитариялық-эпидемиялық режимнің, аппаратурамен, пайдаланылатын құрал-саймандармен және материалдармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасының талаптары бұзылады. |

| **11.** | **Оқу ресурстары** |
|---|---|

| | |
|---|---|
| **Электрондық ресурстар, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: дерекқорлар, анимациялар, симуляторлар, кәсіби блогтар, веб-сайттар, басқа да электрондық анықтамалық материалдар (мысалы, бейне, аудио, дайджестер)** | 1.Алтынбеков, К. Д. Тіс протездерін жасау технологиясы: оқулық / К. Д. Алтынбеков, О. М. Мирзабеков, Б. Ж. Нысанова. - Алматы : Эверо, 2014<br>2. О.Р.Курбанов, А.И.Абдурахманов С.И.Абакаров М.:ГЭОТАР-Медиа, 2015. Ортопедическая стоматология.<br>3. Аболмасов Н.Г., Аболмасов Н.Н., Бычков В.А., Аль-Хаким А. Ортопедическая стоматология М, 2007. –<br>4.Рузуддинов С.Р Пропедевтика в ортопедической стоматологии/ учебник Алма Ата ,Nev book. 2019 |
| **Электронды оқулық** | **http://lib.ukma.kz/**<br>**http://rmebrk.kz/** |
| **Лабораторлы/физикалық ресурстар** | **http://www.studmedlib.ru/**<br>**http://www.booksmed.com/** |
| **Арнайы бағдарламалар** | **http://apps.webofknowledge.com/**<br>**http://www.scopus.com/** |
| **Журналдар (электронды журнал)** | **https://www.medlit.ru/journal/581/**<br>**https://dental-press.ru/** |
| **Әдебиет** | |

**Негізгі:**

1. Алтынбеков, К. Д. Тіс протездерін жасау технологиясы: оқулық / К. Д. Алтынбеков, О. М. Мирзабеков, Б. Ж. Нысанова. - Алматы : Эверо, 2014.
2. О.Р.Курбанов, А.И.Абдурахманов С.И.Абакаров М.:ГЭОТАР-Медиа, 2015. Ортопедическая стоматология.
3. Аболмасов Н.Г., Аболмасов Н.Н., Бычков В.А., Аль-Хаким А. Ортопедическая стоматология М, 2007.
4. Курбанов, О. Р. Ортопедическая стоматология. Несъемное зубное протезирование: учебник / О. Р. Курбанов, А. И. Абдурахманов, С. И. Абакаров. - ; Мин. образования и науки РФ. Рекомендовано ГБОУ ДПО "Российская мед.акад. последипломного образования". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015.

**Қосымша:**

1. Рузуддинов С.Р., Темирбаев М.А., Алтынбеков К.Д. Ортопедическая стоматология., Алматы, 2010.

| 12 | Пәннің саясаты |
|---|---|

**Пәнді меңгеру үшін қойылатын талаптар:**

1. Себепсіз сабақтан қалмау;
2. Сабаққа кешікпеу;
3. Сабаққа формамен келу;
4. Тәжірибелік сабақтарда белсенді болу;
5. Сабаққа дайындалып келу;
6. Білім алушының өзіндік жұмыстарын уақытылы кесте бойынша тапсыру;
7. Сабақ үстінде басқа іспен шұғылданбау;
8. Сабырмен өзін-өзі ұстай білу, оқытушыларды және өзімен бірге оқитын жолдастарын сыйлау, мейірімді болу;
9. Кафедраның мүліктеріне қамқорлық жасау.
10. Білім алушылардың білімдерін аралық бақылау бір академиялық кезеңде екі реттен кем емес теориялық оқытудың 7/14 апталарында жүргізіледі, аралық бақылау қорытындысы оқу үлгерім журналына және электронды журналға дәріске қатыспағаны үшін айып балын ескере отырып қойылады (дәріске қатыспаған жағдайда айып балы аралық бақылау бағасынан алынады). Дәрістің бір сабағына қатыспаған жағдайда 1,0 балл айып балы алынады. Себепсіз аралық бақылауға қатыспаған білім алушы пән бойынша емтихан тапсыруға жіберілмейді. Аралық бақылау қорытындысының мәліметі бақылау аптасының соңында деканатқа өткізіледі.
11. БӨЖ бағасы кестеге сәйкес сабақ барысында оқу үлгерім журналына және электронды журналға БӨЖ сабағына қатыспағаны үшін айып балы ескеріле отырып қойылады. БӨЖ-дің бір сабағына қатыспаған жағдайда айып балы 2,0 балды құрайды.

| 13. | Академияның моральдық-этикалық құндылықтарына негізделген академиялық саясат |
|---|---|
| 1 | ОҚМА веб-сайты: https://ukma.kz/ |
| 2 | АО ОҚМА академиялық саясат № 4п. Білім алушы ар-намыс кодексі https://base.ukgfa.kz/wp-content/uploads/2022/11/%D0%90%D0%BA%D0%B0%D0%B4%D0%B5%D0%BC%D0%B8%D1%87%D0%B5%D1%81%D0%BA%D0%B0%D1%8F-%D0%BF%D0%BE%D0%BB%D0%B8%D1%82%D0%B8%D0%BA%D0%B0-%D0%90%D0%9E-%D0%AE%D0%9A%D0%9C%D0%90-2022.pdf |
| **3** | Пән бойынша баға қою саясаты<br>Білім алушының курс аяқталғаннан кейінгі **қорытынды бағасы (ҚБ) рұқсат беру рейтингісінің (РБР)** бағасы мен **қорытынды бақылау бағасының (ҚББ)** қосындысынан тұрады және балдық-рейтингтік әріптік жүйеге сәйкес қойылады.<br>ҚБ = РБР + ҚББ<br>**Рұқсат беру рейтингісін бағалау (РБР**) 60 балға немесе 60% - ға тең және мыналарды қамтиды: **ағымдағы бақылауды бағалау (АББ)** және **межелік бақылауды бағалау (МББ).**<br>**Ағымдағы бақылауды бағалау (АББ**) практикалық сабақтар мен БӨЖ сабақтарының орташасын бағалауды білдіреді.<br>**Межелік бақылауды бағалау (МББ)** екі межелік бақылаудың (МББ) орташа бағасын білдіреді.<br>Рұқсат беру рейтингісінің бағасы (60 балл) мына формула бойынша есептеледі::<br>РБРорт * 0,2 + АББорт* 0,4<br>**Қорытынды бақылау (ҚБ)** тестілеу нысанында өткізіледі және білім алушы 40 балл немесе жалпы бағаның 40% - ын ала алады.<br>Тестілеу кезінде білім алушыға 50 сұрақ ұсынылады.<br>Қорытынды бақылауды есептеу мынадай түрде жүргізіледі: егер білім алушы 50 сұрақтың 45-іне дұрыс жауап берсе, бұл 90% құрайды.<br>90 х 0,4 = 36 балл.<br>**Қорытынды баға**, егер білім алушының жіберу рейтингісі бойынша (ЖР) =30 балл немесе 30% және одан жоғары, сондай-ақ қорытынды бақылау бойынша (ҚБ)=20 балл немесе 20% және одан жоғары оң бағалары болған жағдайда есептеледі.<br>**Қорытынды баға (100 балл)** = РБР орт* 0,2 + МББ орт* 0,4 +ҚБ* 0,4 бақылау түрлерінің бірі (МБ1, МБ2, АБорт) үшін **қанағаттанарлықсыз** баға алған білім алушы емтиханға жіберілмейді.<br>Айыппұл балдары ағымдағы бақылаудың орташа бағасынан алынады |

| 14. | Бекіту және қайта қарау | | |
|---|---|---|---|
| Кафедрада бекітілген күні | Хаттама | Кафедра меңгерушісі | Қолы |
| «06» 06 2023 г | № 11 | Шукпаров А.Б | |
| ББК мақұлданған күні | Хаттама | ББК төрағасы: | Қолы |
| «15» 06 2023 г | № 11 | Женбаева Л.О | |